«Жолаушылар тасымалы» АҚ ХҚЕС сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілігін Компания ашық пайдалану үшін ұсынған және ол [www.dfo.kz-де](http://www.dfo.kz) қолжетімді.

Құнды анықтау негізі

Топтың шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігінің нысандары төменде түсіндірілгендей, қайта бағалаудың бағалау құнын немесе есепті күнгі әділ құн бойынша есепке алынатын кейбір қаржы құралдарын қоспағанда, тарихи құн қағидаты негізінде әзірленді.

Әділ құн бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле шеңберінде активті сату кезінде алынған немесе міндеттемені беру кезінде төленген бағаны, мұндай баға бағалаудың басқа әдістемесін пайдалана отырып, тікелей бақыланатын немесе есеп айырысу жолымен алынғанына қарамастан көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде топ, егер нарыққа қатысушылар бағалау күніне активтің немесе міндеттеменің бағасын қалыптастыру кезінде осындай сипаттамаларды ескерсе, активтің немесе міндеттеменің сипаттамаларын ескереді.

Шоғырландыру қағидаты

Осы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік нысандары Компанияның және оның 33-ескертуде көрсетілген еншілес ұйымының қаржылық есептілігін қамтиды. Топ компаниялары арасында жүргізілген барлық операциялар, операциялар бойынша сальдо және іске асырылмаған пайда мен шығындар шоғырландыру кезінде алып тасталады.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Үздіксіз қызмет қағидаты

Топтың шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік нысандары қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде жасалды. Бұл жақын болашақта оның әдеттегі экономикалық қызметі барысында активтерді сатуды және міндеттемелерді өтеуді қамтиды.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер қысқа мерзімді активтерден 47,086,475 мың теңгеге асып түсті, (2021 ж. 31 желтоқсан: 17,522,938 мың теңге), ал жинақталған шығын 5,766,367 мың теңгені құрады (2021 ж. 31 желтоқсан: 9,508,898 мың теңге). 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде пайда 1,878,857 мың теңгені құрады (2021 ж. шығын: 8,618,335 мың теңге), бұл ретте операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі 11,562,915 мың теңгені құрады (2021 ж.: ақша қаражатының таза шығыуы 4,037,626 мың теңге). 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер негізінен алынған қаржылық көмекпен, сауда кредиторлық берешекпен, ұзақ мерзімді қарыздар мен жалдау бойынша қысқа мерзімді бөлікпен ұсынылған. Осы міндеттемелерді өтеу операциялық ағындар есебінен және қажет болған жағдайда ақша пулынан алынған қаражат есебінен жоспарланады (32-ескерту). 2021 ж. салыстырғанда ағымдағы есепті кезең іші Топтың операциялық қызметі елдегі эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруына, оның ішінде: төтенше жағдайдың, карантиндік режимнің және шектеу шараларының күшін жоюға (2-ескерту) және мемлекетішілік қатынас маршруттары бойынша пойыздардың қозғалысын қалпына келтіруге байланысты халықтың ұтқырлығының артуы салдарынан жақсарды.

Бұл ретте 2022 ж. ішінде халықаралық және транзиттік жолаушылар пойыздарына қатысты шектеулер қолданылды, нәтижесінде Топ пандемияға дейінгі операциялық көрсеткіштерге қол жеткізе алмады. 2022 ж. 11 сәуірден бастап Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен, Қырғызстанмен және Өзбекстанмен құрлықтық шекаралары ашылды, нәтижесінде халықаралық және транзиттік жолаушылар тасымалын біртіндеп қалпына келтіру басталды, бұл Топтың операциялық қызметіне және операциялық қызметтен ақша ағындарына оң әсер етеді.

Осы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік нысандарын дайындау кезінде Басшылық Топтың ағымдағы қаржылық жағдайын, жоспарларын және қабылданатын шараларын, сондай-ақ Топтың өз қызметін жалғастыру қабілетіне әсер ететін өзге де факторларды назарға алды. Компания ұлттық тасымалдаушы болып табылады және қазақстандық жолаушылар тасымалы нарығында үстем жағдайға ие.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Акционер 2029 ж. дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын бекітті. Бұл құжат жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тиімділікті арттыру, транзиттік тасымалдарды дамыту және корпоративтік портфель құрылымын оңтайландыру, Топтың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, клиенттердің қанағаттануын арттыру, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне кепілдік беру, сондай-ақ Топтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыруды көздейді. Осы стратегияға сәйкес, 2021 ж. желтоқсанда Топ 2029 жылға дейінгі жұмыстың стратегиялық бағыттарын айқындайтын ұзақ мерзімді дамудың бас тұжырымдамасын бекітті. Топ осы тұжырымдама аясында Топтың тиімділігі мен кірістілігін арттыру, оның ішінде адалдық бағдарламасын әзірлеу, интермодальдық жолаушылар тасымалын дамыту жұмыстарын бастады, оны енгізу 2023 ж. жоспарланған. 2022 ж. желтоқсанда bilet.railways.kz сайтында «Пойызға ауысып отыру» жобасы, пойыздан пойызға ауысып отыру сервисі іске асырылды және жұмыс істейді. 2023 ж. екінші тоқсанында пойыздан автобусқа ауысу сервисін енгізу жоспарлануда. Басшылық клиентке бағытталған бұл бағыттар Топқа кірісті арттыруға мүмкіндік береді деп күтеді. Сонымен қатар, 2021 ж. Топ коммерциялық маршруттарда динамикалық тарифті енгізді, Бұл топқа жолаушылар тасымалы нарығындағы өзгерістерге баға белгілеу тұрғысынан уақтылы жауап беруге мүмкіндік береді.

Басшылық жолаушылар тасымалының тиімділігін арттыру, оның ішінде вагондарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету тиімділігін арттыру және шығындарды оңтайландыру бойынша бірқатар іс-шараларды айқындады. Бұдан басқа, Топ басшылығы уәкілетті органға жолаушылар тасымалын субсидиялау, коммерциялық жолаушылар тасымалын тариф белгілеу, сондай-ақ инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру тетігін өзектендіру бойынша ұсыныстармен жүгінді.

2017 ж. Компания Инвестициялар және даму министрлігімен әлеуметтік маңызы бар маршруттарға 20 жылға (2017-2036 жж.) ұзақ мерзімді келісім жасасты. 2022 ж. 1 шілдеден бастап облысаралық қатынастағы барлық әлеуметтік маңызы бар маршруттарға жолаушыларды тасымалдау бойынша тарифтерді 7%-ға көтеру белгіленді (2021 ж.: 7%). 2020 жылы тасымалдау көлемінің азаюына байланысты мемлекет қосымша қолдау шаралары ретінде Тасымалдаушының әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізді, оған сәйкес мемлекет төтенше жағдай режимі және (немесе) жолаушылар және қала маңындағы пойыздарды мәжбүрлі тоқтата тұру кезіндегі форс-мажорлық жағдайлар кезінде жалақы және әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстарды қосымша субсидиялайды. Басшылық субсидия түрінде мемлекет тарапынан одан әрі қолдауды күтуде. Желтоқсан айының соңында 2023 ж. арналған әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын субсидиялау бағдарламалары бойынша қаржыландыру жоспарлары бекітілді. Сонымен қатар, Компания акционері жақын болашақта Топтың қызметіне қаржылық және операциялық қолдау көрсетуді жалғастыратынын растады.

Жоғарыда сипатталған жағдайларға сүйене отырып, басшылық Топ жақын болашақта өз қызметін үздіксіз қызмет қағидаты негізінде жалғастыра алады деп санайды.

Функционалды валюта және ұсыну валютасы

Топтың шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік нысандары қазақстандық теңгеде (бұдан әрі – «теңге») ұсынылды.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде толық айырбасталатын валюта болып табылмайды. Топтың функционалдық валютасынан ерекшеленетін валюталардағы (шетел валюталарындағы) операциялар Қазақстан қор биржасы («ҚҚБ») белгілеген операцияны жасау күнгі нарықтық бағам бойынша ескеріледі. ҚҚБ сессиясында сауда-саттық жүргізілмеген шетел валюталары бойынша валюта айырбастау бағамдарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Reuters ақпараттық агенттігінің арналары бойынша алынған баға белгіленімдеріне сәйкес АҚШ долларына кросс-бағамдарды пайдалана отырып есептейді.

Шетел валюталарында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнгі бағам бойынша кәсіпорынның функционалдық валютасына қайта есептеледі. Операция жасалған күннен кейін айырбастау бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындайтын барлық бағамдық айырмашылықтар пайдалар мен шығындарда көрсетіледі. Әділ құн бойынша көрсетілген, шетел валюталарында көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күніне қолданылатын бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі. Тарихи құны бойынша шетел валютасында көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер қайта есептелмейді.

Келесі кестеде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің валюта бағамына сәйкес шетел валютасының теңгеге айырбастау бағамдары көрсетілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. орташа өлшемді бағам	2021 ж. орташа өлшемді бағам
Еуро	492.86	489.10	484.22	504.04
Швейцар франкі	501.19	473.15	482.60	466.21
АҚШ доллары	462.65	431.80	460.48	426.03
Ресей рублі	6.43	5.76	6.96	5.78

Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және өзгертілген ХҚЕС стандарттары.

Стандарттарға бірқатар өзгерістер, сондай-ақ Қаржылық есептің тұжырымдамалық негіздерінің жаңа редакциясы 2022 ж. 1 қаңтардан бастап күшіне енді:

- ХҚЕС (IFRS) 3 «Тұжырымдамалық негіздерге» сілтемелер» түзетулері;
- ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар – басшылықтың ниетіне сәйкес негізгі құралдарды пайдаланғанға дейін өндірілген өнімді сатудан түсетін түсімдер» түзетулері;
- ХҚЕС (IAS) 37 «Ауыртпалықты шарттар – шартты орындауға арналған шығындар» түзетулері;
- «ХҚЕС жыл сайынғы жақсартулар, 2018-2020 жж. кезеңі» ХҚЕС (IFRS) 1 «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші рет қолдану», ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары», ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» және ХҚЕС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы» түзетулері.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген жаңа немесе қайта қаралған стандарттар

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту күніне Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген келесі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС-терді қолданбаған:

Стандарт және түсіндірме атауы	Төмендегілерден кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қолданылады
ХҚЕС (IFRS) 17 (ХҚЕС (IFRS) 2020 ж. 17 маусымдағы және 2021 ж. желтоқсандағы түзетулерді қоса алғанда) «Сақтандыру шарттары»	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 (түзетулер) «Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы арасында немесе бірлескен кәсіпорын шеңберінде активтерді сату немесе беру»	Күнін ХҚЕСК анықтайды
ХҚЕС (IAS) 1 «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» түзетулері	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» ХҚЕС (IFRS) бойынша №2 практикалық ұсынымдарға түзетулер	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 8 «Бағалау мәндерін анықтау» түзетулері	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 12 «Табыс салығы» -«Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған табыс салығы» түзетулері	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IFRS) 16 «Кері жалға беру арқылы сату нәтижесінде туындайтын жалдау міндеттемелерін кейінгі бағалауға қойылатын талаптар» түзетулері	2024 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 «Ковенанттармен міндеттемелерді жіктеу» түзетулері	2024 ж. 1 қаңтар

Аталған стандарттар мен түзетулер күшіне енгеннен кейін Топтың шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігінің нысандарына елеулі әсер етпейді деп күтілуде.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар кез келген кейінгі жинақталған тозу және құнсызданудан кейінгі жинақталған шығындар шегеріліп олардың бастапқы құны не бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Топ 2005 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша негізгі құралдардың қайта бағаланған құнын ХҚЕС мақсатында бастапқы құн ретінде пайдаланады. 2005 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша негізгі құралдардың әділ құны негізінен жинақталған тозуды шегере отырып, алмастыру құнын бағалау жолымен айқындалды. Басшылық бағалау нәтижелері осы күнгі Топтың негізгі құралдарының экономикалық жағдайын жақсы көрсетеді деп санайды.

Кейінгі шығындар

Негізгі құралдар объектілеріне жұмсалатын кейінгі шығыстар болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы бар шамада капиталдандырылады және мұндай шығыстар жеткілікті дәлдік дәрежесімен есептелуі немесе бағалануы мүмкін.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Ақаулардың болуына тұрақты ірі техникалық тексеруге арналған шығындар вагондардың баланстық құнында танылады. Алдыңғы тексеру бойынша шығындардың қалған баланстық құнын тану тоқтатылады. Ірі техникалық тексерулер вагондардың пайдалы қызмет мерзімі ішінде бір рет жүргізіледі. Ірі техникалық тексеру жүргізу жөніндегі шығындар қалған қайта қаралған пайдалы қызмет мерзімі ішінде біркелкі амортизацияланады.

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындары сияқты барлық басқа шығындар пайда болған кездегі шығындарға жатады.

Тозу

Тозу активтердің пайдалы қызмет етуінің есепті мерзімі негізге алынып, тік сызықты әдіс негізінде есептеледі.

Негізгі құралдардың құнсыздануы

Топ жыл сайынғы негізде негізгі құралдар объектілерінің баланстық құнының құнсыздану белгілерінің болуын тексереді. Кез келген осындай индикаторлар анықталған жағдайда құнсызданудан болған шығынның мөлшерін (егер бар болса) айқындау мақсатында тиісті активтің өтелетін құны есептеледі. Егер актив басқа активтерге тәуелсіз ақша ағындарын тудырмаса, Топ осындай активке жататын өндіруші бірліктің өтелетін құнын бағалайды. Корпоративтік активтердің құны сонымен қатар ұтымды және дәйекті бөлу әдісін табуға болатын жеке өндіруші бірліктерге немесе өндіруші бірліктердің ең кіші топтарына бөлінеді.

Өтелетін құн екі мәннің ең үлкені ретінде анықталады: шығу шығындарын шегергендегі активтің әділ құны мен пайдалану құндылығы. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде есептік болашақ ақша ағындарын бағалау ақшаның уақыт бойынша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және болашақ ақша ағындарын бағалау түзетілмеген осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау коэффициентін пайдалана отырып, ағымдағы құнға дейін дисконтталады.

Егер қандай да бір активтің (немесе өндіруші бірліктің) белгіленген өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болса, осы активтің (немесе өндіруші бірліктің) баланстық құны оның өтелетін құнының мөлшеріне дейін азаяды. Құнсызданудан болған шығын бірден пайдада немесе шығында көрсетіледі.

Құнсызданудан болған шығын кейіннен қалпына келтірілген жағдайларда активтің (ақша қаражатын өндіретін бірліктің) баланстық құны осы актив (немесе осы актив бойынша (немесе ақша қаражатын өндіретін бірлік) бойынша алдыңғы жылдары құнсызданудан болған шығын көрсетілмеген жағдайдағы баланстық құнынан жаңа баланстық құн аспайтындай етіп, оның өтелетін құнын жаңа бағалау нәтижесінде алынған сомаға дейін ұлғайтылады. Құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру тікелей пайдада немесе шығында танылады.

Қорлар

Қорлардың негізгі бөлігі сауда операциялары үшін емес, жылжымалы құрамды пайдалануды қамтамасыз ету үшін шаруашылық қызмет процесінде пайдаланылады.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

Нысанды киім, арнайы киім және төсек жабдықтары қорлардың құрамына енгізіледі және қоймадан беру кезіндегі шығыстарға есептен шығарылады. Сондай-ақ, қорлардың құрамында негізгі құралдар объектілеріне орнату үшін жарамды пайдалы қызметтің әртүрлі мерзімдері бар қосалқы бөлшектер ескеріледі.

Қорлар өзіндік құнның немесе өткізудің таза құнының ең аз мәні бойынша бағаланады. Өзіндік құн қорларды жеткізуге және ағымдағы жағдайға келтіруге байланысты шығындарды қамтиды. Өткізудің таза құны аяқтауға арналған шығындар мен өткізуге арналған бағалау шығындарын шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында қорларды өткізу бағасын бағалауды білдіреді. Қорлар орташа өлшенген құн әдісі бойынша есепке алынады.

Қаржы құралдары

Қаржы құралдары бір тарапта қаржы активінің және екінші тарапта міндеттеменің немесе үлестік құралдың туындауына әкеп соғатын келісім-шарттарды білдіреді.

Қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді (пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерден басқа (бұдан әрі – ПШАӘҚБ) сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар бастапқы тану кезінде қолданылатын қаржы активтерінің немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құнынан қосылады немесе одан шегеріледі. Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін немесе қаржылық міндеттемелерді сатып алуға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар пайданың немесе шығынның құрамында дереу танылады.

Қаржы активтері

Қаржы активтерін кейіннен бағалау қаржы активтерінің қалай жіктелгеніне байланысты болады.

Қаржы активтерінің жіктелуі

Жоғарыда айтылғандай, қаржылық активтер амортизацияланған құны бойынша немесе әділ құны бойынша (пайда мен шығындар немесе өзге жиынтық кіріс арқылы) осы қаржылық активтерден ақша ағындарын алудың бизнес-моделіне байланысты бағаланады. Әдетте, ақша қаражаты, сауда және басқа дебиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ амортизацияланған құны бойынша бағаланатын немесе өзге жиынтық кіріс (бұдан әрі – «ОССЧПСД») арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдарына инвестициялар бойынша, жалдау бойынша дебиторлық берешек, сауда дебиторлық берешек және шарт бойынша активтер бойынша, сондай-ақ қаржылық кепілдіктер шарттары бойынша күтілетін кредиттік шығындарды жабуға арналған резервті таниды. Күтілетін кредиттік шығындардың сомасы тиісті қаржы құралы алғаш танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің өзгерістерін көрсету үшін әрбір есепті күнге жаңартылады.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

Топ сауда дебиторлық берешегі, шарт бойынша активтер және жалдау бойынша дебиторлық берешек үшін бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік шығындарды таниды. Осы қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар Топтың кредиттік шығындар жөніндегі тарихи тәжірибесіне негізделген резервтер матрицасын пайдалана отырып, борышкерлер үшін ерекше факторларға, жалпы экономикалық жағдайларға және орынды жерінде ақшаның уақытша құнын қоса алғанда, есепті күнге шарттардың ағымдағы және болжамды бағытын бағалауға түзетіле отырып бағаланады.

Барлық басқа қаржы құралдарына қатысты топ бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі өсуі болған барлық мерзімге күтілетін кредиттік шығындарды таниды. Алайда, егер қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғаймаса, топ осы қаржы құралы бойынша шығындар бойынша резервті келесі 12 ай ішінде күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада бағалайды.

Күтілетін кредиттік шығындар бүкіл мерзімге қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде дефолттың барлық ықтимал оқиғалары нәтижесінде туындайтын күтілетін кредиттік шығындарды білдіреді. Керісінше, 12 айдағы күтілетін кредиттік шығындар есепті күннен кейінгі келесі 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы үшін дефолт оқиғаларының нәтижесі болуы күтілетін барлық кезеңдегі күтілетін кредиттік шығындардың бір бөлігін білдіреді.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі

Қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелі бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай өскенін бағалау кезінде Топ есепті күндегі қаржы құралы бойынша дефолт тәуекелін бастапқы тану күніндегі қаржы құралы бойынша дефолт тәуекелімен салыстырады. Бұл бағалауды жүргізу кезінде Топ ақылға қонымды және негізделген сандық және сапалық ақпаратты, соның ішінде тарихи тәжірибені және шамадан тыс шығындарсыз немесе күш-жігерсіз қол жетімді перспективалық ақпаратты ескереді. Қарастырылып отырған болжамды ақпарат экономикалық сарапшылардың, қаржылық талдаушылардың, үкіметтік органдардың, тиісті талдау орталықтарының және басқа да осыған ұқсас ұйымдардың есептерінен алынған, сондай-ақ Топтың негізгі қызметіне қатысты нақты және болжанатын экономикалық ақпараттың әртүрлі сыртқы көздерін ескере отырып, Топтың борышкерлері жұмыс істейтін салалардың болашақ перспективаларын қамтиды.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Атап айтқанда, бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір өсуін бағалау кезінде келесі ақпарат ескеріледі:

- қаржы құралының сыртқы (бар болса) немесе ішкі кредиттік рейтингінің нақты немесе күтілетін елеулі нашарлауы;
- нақты қаржы құралы бойынша сыртқы нарықтағы кредиттік тәуекел көрсеткіштерінің айтарлықтай нашарлауы, мысалы, кредиттік спрэдтің, борышкерге арналған своптың кредиттік дефолт бағасының немесе қаржы активінің әділ құны оның амортизацияланған құнынан аз болған уақыт ұзақтығының немесе дәрежесінің айтарлықтай өсуі;
- борышкердің борыштық міндеттемелерін орындау қабілетінің айтарлықтай төмендеуіне әкелетін іскерлік, қаржылық немесе экономикалық жағдайлардағы бар немесе болжамды қолайсыз өзгерістер;
- борышкер қызметінің нақты немесе күтілетін елеулі нашарлауы;
- сол борышкердің басқа қаржы құралдары бойынша кредиттік тәуекелінің айтарлықтай өсуі;
- борышкердің өз борыштық міндеттемелерін орындау қабілетінің айтарлықтай төмендеуіне әкелетін борышкердің нормативтік, экономикалық немесе технологиялық ортасындағы нақты немесе күтілетін елеулі қолайсыз өзгеріс

Жоғарыда аталған бағалау нәтижелеріне қарамастан, Топ қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап, келісімшарттық төлемдер 30 күннен астам уақытқа кешіктірілген кезде, Егер Топ басқаша көрсететін ақылға қонымды және растайтын ақпарат болмаса, айтарлықтай өсті деп болжайды.

Алайда, Топ, егер есеп беру күнінде қаржы құралының кредиттік тәуекелі төмен ретінде анықталса, қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай өскен жоқ деп болжайды. Қаржы құралының кредиттік тәуекелі төмен ретінде төмендегі жағдайларда анықталады:

- қаржы құралының дефолт қаупі төмен,
- борышкердің жақын болашақта ақша қаражатының қозғалысына қатысты өзінің шарттық міндеттемелерін орындау үшін үлкен мүмкіндіктері бар және
- ұзақ мерзімді перспективада экономикалық және іскерлік жағдайлардағы қолайсыз өзгерістер қарыз алушының төлемдер бойынша өзінің шарттық міндеттемелерін орындау қабілетін төмендетуі мүмкін, бірақ міндетті емес.

Топ активтің жалпы қабылданған анықтамаға сәйкес «Инвестициялық деңгей» сыртқы кредиттік рейтингі болған кезде немесе сыртқы рейтинг қолжетімді болмаса, активтің «жұмысшы» ішкі рейтингі («SK_A» рейтингі) болған кезде қаржы активінің кредиттік тәуекелі төмен деп санайды. Жұмысшы дегеніміз-контрагенттің қаржылық жағдайы мықты және мерзімі өткен сомалары жоқ дегенді білдіреді.

Қаржылық кепілдік шарттары үшін Топ қайтарып алынбайтын міндеттеменің тарапы болатын күн құнсыздану мәніне қаржы құралын бағалау мақсатында бастапқы тану күні болып есептеледі. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы болғанын бағалау кезінде Топ аталған борышкердің өзінің шарттық міндеттемелерін орындамау тәуекеліндегі өзгерістерді ескереді.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Топ кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өскенін анықтау үшін қолданылатын критерийлердің тиімділігін үнемі қадағалап отырады және критерийлер кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін сома мерзімі аяқталғанға дейін анықтай алатындай жағдайларға байланысты қайта қарайды.

Дефолтты анықтау

Топ келесі оқиғаларды ішкі кредиттік тәуекелді басқару мақсаттары үшін дефолт индикаторы ретінде қарастырады, өйткені тарихи тәжірибе көрсеткендей, келесі критерийлердің біріне сәйкес келетін қаржылық активтер әдетте өтелмейді:

- борышкер қаржылық міндеттемелерді бұзған жағдайда; немесе
- компания ішінде әзірленген немесе сыртқы көздерден алынған ақпарат борышкердің несие берушілерге, Топты қоса алғанда, толық көлемде төлеуі екіталай екенін көрсетеді (Топ ұстайтын қандай да бір кепілдікті есепке алмағанда).

Жоғарыда келтірілген талдауларға қарамастан, егер Топта дефолттың неғұрлым қолайлы критерийі неғұрлым жарамды екенін көрсететін ақылға қонымды және сенімді ақпарат болмаса, Топ дефолт қаржылық актив 90 күннен артық кешіктірілген кезде пайда болды деп санайды.

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері

Егер осы қаржы активі бойынша болжамды болашақ ақша ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар орын алса, қаржы активі кредиттік-құнсызданған болып табылады. Қаржылық активтің кредиттік құнсызданғаны туралы дәлелдерге келесі оқиғалар туралы бақыланатын деректер кіреді:

- эмитенттің немесе қарыз алушының айтарлықтай қаржылық қиындықтары;
- міндеттемелерді орындамау (дефолт) немесе мерзімі өткен оқиға сияқты шартты бұзу;
- қарыз алушының кредиторы(-лары) қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық немесе шарттық себептер бойынша қарыз алушыға кредитор(лар) басқа жағдайда қарастырмайтын концессия берді;
- қарыз алушы банкроттықты немесе басқа қаржылық қайта құруды бастауы мүмкін; немесе
- қаржылық қиындықтарға байланысты осы қаржы активі үшін белсенді нарықтың жоғалуы

Активтерді есептен шығару саясаты

Топ қаржылық активті борышкердің елеулі қаржылық қиындықтарға тап болғанын және қалпына келтірудің нақты перспективасы жоқ екенін көрсететін ақпарат болған кезде, мысалы, борышкер тарату процесінде немесе банкроттық рәсіміне кіріскен кезде немесе сомалар үш жылдан астам мерзімге кешіктірілген сауда дебиторлық берешегі болған кезде қайсысы ертерек болуына байланысты есептен шығарады. Есептен шығарылған қаржы активтері, қажет болған жағдайда, заң консультацияларын ескере отырып, өндіріп алу рәсімдеріне сәйкес құқық қолдану қызметіне бұрынғысынша жатуы мүмкін. Кез келген жасалған қалпына келтіру пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

Күтілетін кредиттік шығындарды тану және бағалау

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау - бұл дефолт ықтималдығының, дефолтты ескере отырып шығындар (яғни, дефолт болған жағдайдағы шығындар мөлшері) және дефолтқа ұшырау функциясы болып табылады. Дефолт ықтималдығын және дефолтты ескере отырып шығындарды бағалау жоғарыда сипатталғандай болжамды ақпаратты ескере отырып түзетілген тарихи деректерге негізделген. Дефолт кезінде ұшырағыштыққа келетін болсақ, онда қаржы активтері үшін ол есепті күнгі активтердің жалпы баланстық құнын білдіреді; қаржылық кепілдік шарттары үшін ұшырағыштық болашақта дефолт күніне есептен шығарылады (ұсынылады) деп күтіліп отырған және тарихи үрдістерге, топтың борышкерлерді қаржыландырудағы нақты болашақ қажеттіліктерін түсінуіне және басқа да тиісті болжамды ақпаратқа сүйене отырып айқындалған кез келген қосымша сомалармен бірге есепті күнге игерілген қарыз алу сомасын қамтиды.

Қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік шығын шартқа сәйкес Топқа тиесілі барлық шарттық ақша ағындары мен топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған алуды күтетін барлық ақша ағындары арасындағы айырма ретінде бағаланады. Жалдау бойынша дебиторлық берешек үшін күтілетін кредиттік шығындарды анықтау үшін пайдаланылған ақша ағындары 16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» сәйкес алынатын жалдау берешегін бағалау кезінде пайдаланылған ақша ағындарына сәйкес келеді.

Қаржылық кепілдік шарттары бойынша, топ кепілдік берілген құралдың талаптарына сәйкес борышқор дефолт жасаған жағдайда ғана төлем жүргізуге міндетті болғандықтан, күтілетін шығынның мөлшері топ ұстаушыдан, борышкерден немесе кез келген басқа тараптан алуды күтетін кез келген соманы шегере отырып, ұстаушыға келтірілген кредиттік шығындарды өтеу үшін күтілетін төлемдер сомасына тең болады.

Егер Топ алдыңғы есепті кезеңде бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада қаржы құралы бойынша шығындарға арналған резервті бағаласа, бірақ ағымдағы есепті күні бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік шығындар үшін шарттар енді қанағаттандырылмайтынын айқындаса, Топ оңайлатылған тәсіл қолданылған активтерді қоспағанда, ағымдағы есепті күнге 12 айға күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада резерв мөлшерін бағалайды.

Топ барлық қаржы құралдары бойынша пайда немесе шығын құрамындағы құнсызданудан түскен пайданы немесе шығынды олардың баланстық құнын тиісті түзете отырып, ПШАӘҚБ ретінде есепке алынатын борыштық құралдарға инвестицияларды қоспағанда, шығындарды жабуға арналған резервтің шоттары үшін таниды және олар үшін шығындарды жабуға арналған резерв өзге жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі және инвестицияларды қайта бағалаудың тиісті резервінде жинақталады, және бухгалтерлік баланстағы қаржы активінің баланстық құнын төмендетпейді.

Қаржы міндеттемелері мен капитал

Борыштық және үлестік құралдар шарттық келісімдердің мәніне және қаржылық міндеттеме мен үлестік құралдың анықтамаларына сәйкес қаржылық міндеттемелер немесе капитал ретінде жіктеледі.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

Меншікті капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Кәсіпорындарды біріктіру жағдайларынан басқа, жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты сыртқы шығындар капитал түсімдері сомасынан шегерім ретінде көрсетілген. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың номиналды құнынан кез келген асып кетуі қосымша төленген капитал ретінде танылады.

Қаржылық міндеттемелер

Барлық қаржылық міндеттемелер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша немесе ПШАӘҚ бойынша бағаланады.

Кредиторлық берешек, есептелген міндеттемелер, қарыздар, төленетін дивидендтер және өзге де міндеттемелер сияқты ПШАӘҚБ ретінде ескерілмейтін қаржылық міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Қаржылық кепілдік шарты бойынша міндеттемелер

Қаржылық кепілдік шарты – бұл кепілгер борышкердің борыштық құралдың талаптарына сәйкес мерзімдерде төлемдер бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шеккен шығындарын өтеу мақсатында кепілдік ұстаушының пайдасына белгілі бір төлемдер жасауға міндетті шарт. Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер бастапқыда олардың әділ құны бойынша бағаланады және егер олар ОССЧПУ ретінде белгіленбесе және активті беру нәтижесінде туындамаса, кейіннен олардың ең үлкені бойынша бағаланады:

- ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес айқындалған күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервінің сомалары (жоғарыдағы қаржы активтерін қараңыз); және
- орынды болған кезде ХҚЕС (IFRS) 15 қағидаттарына сәйкес танылған жалпы кіріс сомасын шегергендегі бастапқы танылған сома.

Жалдау

Топ жалға алушы ретінде

Топ шарттың жалдау шарты болып табылатындығын немесе ол жасалған сәттен бастап жалдау туралы екенін бағалайды. Топ активті қысқа мерзімді жалдауды (жалдау мерзімі 12 ай немесе одан аз жалдау ретінде айқындалатын) және арзан жалдауды (мысалы, планшеттер мен жеке компьютерлер, кеңсе жиһазының ұсақ заттары және телефондар) қоспағанда, жалға алушы болып табылатын барлық жалдау шарттарына қатысты пайдалану құқығы және тиісті жалдау міндеттемесі нысанында таниды. Егер басқа жүйелі негіз жалға алынған активтерден экономикалық пайда тұтынылатын уақыт шеңберінен артық болмаса, осы жалдау шарттарына қатысты топ жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішіндегі операциялық шығыстар ретінде таниды.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Жалдау бойынша міндеттемелер бастапқыда жалдау шартында белгіленген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған жалдау басталған күні төленбеген жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланады. Егер бұл мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, топ жалға алушының қосымша қарыз қаражатын алу мөлшерлемесін пайдаланады.

Жалдау бойынша міндеттемелерді бағалауға кіретін жалдау төлемдері мына төлемдерден тұрады:

- жалдан алынатын кез келген ынталандырушы төлемдерді шегергендегі бекітілген төлемдер (мәні бойынша бекітілген төлемдерді қоса алғанда) ;
- бастапқыда жалдау басталған күнгі индексті немесе мөлшерлемені қолдана отырып бағаланатын индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалдау төлемдері;
- ұйымды тарату құнының кепілдіктері бойынша жалға алушы төлейтін сомалар;
- егер жалға алушы осы опцияны орындайтынына сенімі жеткілікті болса, онда сатып алу опционының орындалу бағасы;
- егер жалдау мерзімі жалға алушының жалдауды тоқтату туралы опционды ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтатқаны үшін айыппұл төлемі.

Жалдау бойынша міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған бухгалтерлік баланста ұсынылған.

Кейіннен жалдау міндеттемелері жалдау міндеттемесі бойынша пайыздарды көрсету мақсатында (пайыздың тиімді мөлшерлемесінің әдісін пайдалана отырып) баланстық құнды ұлғайту арқылы және жүргізілген жалдау төлемдерін көрсету мақсатында баланстық құнды азайту арқылы бағаланады.

Топ мына жағдайларда жалдау міндеттемесін қайта бағалайды (және пайдалану құқығы нысанындағы актив бойынша тиісті түзету енгізеді):

- жалдау мерзімі өзгерді немесе маңызды оқиға болды немесе сатып алу опционының орындалуын бағалауды өзгертуге әкелетін жағдайлардың өзгеруі және бұл жағдайда жалдау міндеттемесі қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы қайта бағаланады;
- жалдау төлемдері индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне немесе тарату құнының кепілдігі бойынша күтілетін төлемнің өзгеруіне байланысты өзгереді, бұл жағдайда жалдау міндеттемесі дисконттаудың өзгермейтін мөлшерлемесін қолдана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы қайта бағаланады (тек егер жалдау төлемдері өзгермелі пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты өзгермесе, бұндай жағдайда дисконттаудың қайта қаралған мөлшерлемесі пайдаланылады).
- жалдау шарты өзгертілді және жалдау талаптарының өзгеруі жеке жалдау ретінде есепке алынбайды және бұл жағдайда жалдау бойынша міндеттеме өзгерістер енгізілген күнге қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау жолымен өзгертілген шарттармен жалдау мерзімі негізінде қайта бағаланады

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша алынған кез келген ынталандыруларды және кез келген бастапқы тікелей шығындарды шегере отырып, жалдау бойынша тиісті міндеттемені, жалдау басталған күні немесе оған дейін жүргізілген жалдау төлемдерін бастапқы бағалауды қамтиды. Кейіннен бұл активтер жинақталған тозу мен құнсызданудан болған шығындар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Топта жалға алынған активті бөлшектеуге және ауыстыруға, ол орналасқан учаскені қалпына келтіруге немесе базалық активті жалдау шарттарымен талап етілетін жағдайға дейін қалпына келтіруге шығындар бойынша міндеттемелер туындаған кезде резерв ХҚЕС (IAS) 37 сәйкес танылады және бағаланады. Шығындар пайдалану құқығы нысанындағы активтің құнына, егер бұл шығындар қорларды өндіру кезінде жұмсалмаса ғана, пайдалану құқығы нысанындағы активке жатқызылатын шамада енгізіледі.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдаудың неғұрлым қысқа мерзімі және базалық активті пайдалы пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады. Егер жалдау шарты базалық активке меншік құқығын берсе немесе пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны Топтың сатып алуға опционды іске асыруды күтетінін көрсетсе, пайдалану құқығы нысанындағы тиісті актив базалық активті пайдалы пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады. Амортизация жалдау басталған күннен басталады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер осы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік нысандарының бухгалтерлік балансында жеке жолмен берілген және негізгі құралдармен бірге көрсетілген.

Топ пайдалану құқығы нысанындағы активтің құнсыздануын айқындау үшін ХҚЕС (IAS) 36 қолданады және «Негізгі құралдар» есеп саясатында сипатталғандай, құнсызданудан болған кез келген анықталған шығындарды ескереді.

Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері жалдау міндеттемелері мен активтерді пайдалану құқығы нысанындағы бағалауға енгізілмейді. Тиісті төлемдер осы төлемдерді тудыратын оқиға немесе шарт болған кезеңдегі шығыстар ретінде танылады және пайда немесе шығын құрамында «Жалдау» жолына енгізіледі (23 және 24-ескертүлер).

Практикалық сипаттағы жеңілдету ретінде ХҚЕС (IFRS) 16 жалға алушыға жалға беруге қатысы жоқ компоненттерді бөлмеуге рұқсат етеді және оның орнына кез келген жалдау және онымен байланысты жалдауға қатысы жоқ компоненттерді бірыңғай келісім ретінде ескереді. Топ практикалық сипаттағы бұл жеңілдікті қолданбаған.

Топ жалға беруші ретінде

Топ өзінің жалдау шарттарының әрқайсысын операциялық жалдау немесе қаржылық жалдау ретінде жіктеуі керек. Жалдау, егер ол базалық активке иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы беруді көздесе, қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Барлық басқа жалдау түрлері операциялық жалдау ретінде жіктеледі.

Операциялық жалға беруден түскен кіріс жалдау мерзімі ішінде сызықтық негізде танылады.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

Шарт жалға алуға қатысты және қатысты емес компоненттерді қамтыған кезде, топ осы шарт бойынша сыйақыны әр компонент бойынша бөлу үшін ХҚЕС (IFRS) 15 қолданады.

Түсімді тану

Түсім клиентпен жасалған шарт негізінде Топтың алуды күткен құқығын өтеу негізінде бағаланады және үшінші тараптардың атынан жиналған сомаларды қоспайды. Топ өнімге немесе қызметке бақылауды сатып алушыға берген кезде қосылған құн салығын шегергенде кірісті таниды.

Топ мынадай негізгі көздерден түсетін түсімді таниды:

- мемлекетішілік және халықаралық қатынастардағы жолаушылар тасымалы;
- жолаушыларға қызмет көрсету;
- жол жүру құжаттарының брондау және қайтару үшін төленетін комиссия;
- багажды және поштаны тасымалдау;
- басқалар.

Жолаушылар тасымалынан түсетін кірістерді есепке алу

Жолаушылар тасымалдарынан түсетін кіріс сатып алушының есепті күнге сапарының аяқталу дәрежесі бойынша танылады. Билеттерді сатудан түскен сомалар сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер ретінде есепке алынатын болашақ кезеңдер кірістерінің құрамында көрсетіледі, олар жолаушы жөнелтілген кезден бастап кірістерге жатады. Әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомасы алу сәтіндегі аванстар құрамында көрсетіледі. жолаушыларды тасымалдауға және билеттерді жазып беруге арналған өтінімдерді алу шамасына қарай күтілетін есептік кіріске шамамен тең аванс сомалары болашақ кезеңдердің кірістеріне көшіріледі. Болашақ кезеңдердің кірістері сол сияқты жолаушы жөнелтілген сәттен бастап кірістерге жатқызылады.

Жолаушылар тасымалы қызметті, әдетте, бірнеше сағат/күн ішінде аяқталады. Алдыңғы тәжірибені талдау есепті күнге аяқталмаған тасымалдар бойынша өтпелі түсімнің елеусіз болып табылатынын көрсетті.

Жолаушыларға қызмет көрсету

Жолаушыларға қызмет көрсетуден түскен кірістер жолаушыларға төсек-орын жабдықтарын беруден түскен кірістерді білдіреді және есепті күнге сатып алушының сапарының аяқталу дәрежесі бойынша танылады.

Жол жүру құжаттарын брондау және қайтару үшін төленетін комиссия

Жол жүру құжаттарын брондау үшін комиссия алынады және билет кассаларында төленетін орындарды брондау және резервтеу кезінде өтінім алымдарын төлеуді қабылдау сәтіндегі түсім ретінде танылады және автоматтандырылған тәсілмен ресімделеді.

Жол жүру құжаттарын қайтарғаны үшін Комиссия жолаушының жол жүруден бас тартуына байланысты жол жүру құжатын (билетін) қайтару операциясы үшін жолаушыдан алынатын алымды білдіреді және жол жүру құжатын қайтарған кездегі түсім ретінде танылады.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

Багажды және поштаны тасымалдау

Топ есепті күнге багаж бен пошта тасымалының аяқталу дәрежесі бойынша багаж бен пошта жөнелтілімдерін тасымалдаудан түскен кірістерді таниды.

Тауарларды өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін өзге де кірістер

Өзге де кірістерге жалға беруден түскен кірістер, негізгі құралдарға техникалық қызмет көрсету, алынған айыппұлдар, тауарларды, материалдарды және металл сынықтарын сатудан түскен кірістер кіреді.

Қызмет көрсетуден түскен өзге де кірістер қызмет көрсету шамасына қарай уақыт ішінде танылады. Егер топ орындау міндетін кезең ішінде орындамаса, демек, орындау міндеті белгілі бір уақыт кезеңінде (тауарларды, материалдарды және металл сынықтарын сату) орындалады, олар бойынша кіріс тауарларды бақылау сатып алушыға берілген кезде танылады.

Топтың уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді клиентке ұсыну мен клиенттің төлемі арасындағы кезең бір жылдан асатын маңызды келісімшарттары жоқ. Демек, топ мәміле бағасын ақшаның уақытша құнына қатысты түзетпейді.

Шығыстарды тану

Шығыстар шеккен сәтте танылады және олар шоғырландырылған қаржылық есептілікте шығынға жататын кезеңде көрсетіледі.

Мемлекеттік субсидиялар

Мемлекеттік субсидиялар субсидия алынатынына және барлық тиісті шарттар сақталатынына орынды сенімділік болған кезде олардың әділ құны бойынша танылады. Шығыстарды өтеу үшін бөлінетін мемлекеттік субсидиялар болашақ кезеңдердің кірістері ретінде қаралады және топ осы субсидиялар өтеуге тиіс тиісті шығындарды танитын кезеңдер ішіндегі пайда мен шығындарда танылады.

Үкімет Топтың Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдау шығыстарын ішінара жабу үшін мемлекеттік гранттар түрінде субсидиялар алуға құқығы бар деп қаулы етті. Мемлекеттік субсидиялар осы субсидиялар әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша тасымалдаушылардың шығыстарын жабуға жатқызылатындай кезеңдер ішінде тұрақты негізде танылады.

Мемлекеттік субсидиялардан түсетін кірістер осы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік нысандарындағы «Түсім» жолына енгізілген.

Қарыздар бойынша шығындар

Жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін едәуір уақыт қажет болатын активтерді сатып алуға, салуға немесе жасауға тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар мұндай активтердің құнына олар жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайын болғанға дейін енгізіледі.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Алынған қарыз қаражатын уақытша инвестициялау нәтижесінде алынған кіріс оларды сараланатын активтерді сатып алуға жұмсау сәтіне дейін қарыз қаражатын тартуға арналған шығыстардан шегеріледі.

Қарыздар бойынша барлық өзге де шығындар пайда мен шығындарда олардың туындауына қарай көрсетіледі.

Салық салу

Табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы және кейінге қалдырылған салық сомасын қамтиды.

Ағымдағы салық сомасы жыл ішіндегі салық салынатын пайданың шамасы негізге алына отырып айқындалады. Салық салынатын пайда басқа жылдардағы салық салу мақсаттары үшін салық салуға немесе шегеруге жататын кірістер мен шығыстардың баптарын қамтымайды, сондай-ақ салық салу мақсатында мүлдем салық салуға немесе шегеруге жатпайтын баптарды алып тастайды, сондықтан пайда мен шығындар туралы есепте көрсетілген пайдадан ерекшеленеді. Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер заңнамада есепті кезең аяқталғанға дейін қолданысқа енгізілген салық салу мөлшерлемелерін пайдалана отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылған салық есебінің тиісті деректері арасындағы уақытша айырмаларға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдетте, салық салынатын пайданы ұлғайтатын барлық салық салынатын уақытша айырмалар ескеріле отырып, ал кейінге қалдырылған салық активтері осы уақытша айырмаларды пайдалану үшін болашақта салық салынатын пайданың болу ықтималдығы жоғары болған жағдайда барлық шегерілетін уақытша айырмалар ескеріле отырып көрсетіледі. Егер уақытша айырмалар салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да әсер етпейтін мәмілелер (бизнесі біріктіру жөніндегі мәмілелерден басқа) шеңберіндегі активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану салдарынан туындаса, салық активтері мен міндеттемелері қаржылық есептілікте көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және болашақта осы активтерді толық немесе ішінара өтеу үшін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдығы жоғары болып табылмаса, кемітіледі.

Кейінге қалдырылған салықтар есепті күнге заңнамамен бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген салық салу мөлшерлемелерін пайдалана отырып есептеледі және болжанғандай, салық активін өткізу немесе салық міндеттемесін өтеу кезеңінде қолданылатын болады.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтерін бағалау активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу немесе өтеу тәсілдеріне қатысты Топтың ниеттерінің салықтық салдарын (есепті күнгі жағдай бойынша) көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, егер сол бір салық органы өндіріп алатын табыс салығына қатысты ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алуды жүзеге асырудың заңды қорғалған құқығы болса және топ есеп айырысуды нетто негізде жүзеге асыруға ниеттенсе, қаржылық есептілікте салыстырылып көрсетіледі.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

Ағымдағы табыс салығы және кейінге қалдырылған салық пайдада немесе шығында танылады, бірақ олар өзге жиынтық кірістің немесе меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілетін баптарға жататын жағдайлардан ерекшеленеді. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар өзге жиынтық кірісте немесе тиісінше тікелей капиталда танылады.

5. МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ БЕЛГІСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ

4-ескертуде жазылған Топтың есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде басшылық есепте танылған сомаға елеулі әсер ететін пайымдауларды (бағалауға байланысты пайымдаулардан басқа) пайдаланады және басқа көздерден айқын болып табылмайтын активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты бағалаулар мен жорамалдарды қалыптастырады. Бағалау және олардың негізіндегі жорамалдар өткен тәжірибеге және нақты жағдайларда орынды деп саналатын басқа факторларға байланысты қалыптасады. Нақты нәтижелер бағалау деректерінен өзгеше болуы мүмкін.

Бағалау және онымен байланысты жорамалдар үнемі қайта қаралады. Бағалау мәндеріндегі өзгерістер, егер өзгеріс тек осы кезеңге ғана әсер ететін болса, бағалау қайта қаралған кезеңде не өзгеріс жататын кезеңде және егер өзгеріс ағымдағы кезеңдерге де, болашақ кезеңдерге де әсер ететін болса, болашақ кезеңдерде танылады.

Есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған елеулі пайымдар

Бағалардың белгісіздігіне байланысты пайымдаулардан басқа (олар төменде жеке ұсынылған) басшылық Топтың есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланған және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін айтарлықтай есептік пайымдар төменде санамаланған.

Шығыстарды капиталдандыру

Топ вагондардың пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде вагондардың ақаулығына тек бір рет ірі техникалық тексерулер жүргізеді. Ірі техникалық тексеру жүргізу жөніндегі шығындар осындай вагондардың құнына капиталдандырылады және қалған қайта қаралған пайдалы қызмет мерзімі ішінде біркелкі амортизацияланады. Ірі техникалық тексеру жүргізу кезінде пайдалы қызмет мерзімі 5-16 жылға ұзартылады.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

Қаржылық кепілдіктерді бағалау

Топ байланысты тараптар «Қазтеміртранс» АҚ-мен және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-мен бірлесіп акционер шығарған еурооблигациялар бойынша негізгі қарызды және есептелген пайызды уақытылы өтеу бойынша кепілгер болып табылады. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еурооблигациялар бойынша кепілдік берілетін міндеттемелердің жалпы сомасы – 125,297,500 мың теңгені құрайды (2021 ж. 31 желтоқсандағы бағам бойынша: 587,090,150 мың теңге) (18-ескерту). Берілген кепілдік сомасын айқындау және оның әділ және баланстық құнын бағалау үшін топ акционердің шоғырландырылған активтеріндегі топ активтерінің үлесіне міндеттемелердің кепілдік берілген сомасын түзетеді, өйткені бұл көрсеткіш кепілгерлердің жеткіліктілік көрсеткіштерінің бірі болып табылады. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топ активтерінің үлесі шамамен 8% (2021 ж. 31 желтоқсанда: 7%) болды. Басшылық кепілдік үшін жылдық 1% мөлшеріндегі комиссия кепілдіктің әділ құны болып табылады деп санайды. Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелерді бастапқы тану сәтінде топ тиісті еурооблигациялар кірістілігінің нарықтық мөлшерлемелері мөлшерінде дисконттау мөлшерлемелерін қолданды (18-ескерту). Басшылық сондай-ақ қаржылық кепілдіктер шарттары бойынша міндеттемелерге байланысты өтімділік тәуекелі 2022 ж. 31 желтоқсанда 88,056,091 мың теңгені құрайтын таза активтердің мөлшерімен (2021 ж. 31 желтоқсан: 78,971,715 мың теңге) шектелген деп есептейді (31-ескерту).

Нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлемемен берілетін қарыздар

Топ Акционерден/соңғы акционерден бір-біріне ұқсас қарыздың нарықтағы мөлшерлемесінен төмен пайыздық мөлшерлемемен қарыз, сондай-ақ пайызсыз қаржылық көмек алады. Осы қарыздар мен қаржылық көмек бастапқыда қарыз қаражатын тартумен байланысты шығыстарды ескере отырып, алынған ақша қаражатының әділ құнын білдіретін құн бойынша ескеріледі.

Топ ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын (амортизацияланған құнын) ұқсас мерзімдермен ұзақ мерзімді мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мөлшерлемелерді пайдалана отырып есептейді және капитал құрамындағы қарыздың әділ құнына дейінгі түзетуді (тиісті кейінге қалдырылған салықты шегергенде) таниды. Ұқсас мерзімдер болмаған жағдайда, топ ол алған қарыз мерзіміне барынша қолайлы нарықтық мөлшерлемені экстраполяциялайды.

Қысқа мерзімді қарыздар мен пайызсыз қаржылық көмек үшін топ осы қарыздар мен қаржылық көмектің мерзімдеріне сәйкес келетін нарықтық мөлшерлемелерді пайдаланады. Бастапқы танылғаннан кейін қарыздар мен қаржылық көмек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша ескеріледі.

Бағалаудағы белгісіздіктің негізгі көздері

Төменде болашақ туралы негізгі болжамдар және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулер әкелуі мүмкін есепті кезеңдегі бағалаулардағы белгісіздіктің басқа да негізгі көздері келтірілген.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

Қызметкерлерге зейнеткерлікке шыққаннан кейін төленетін сыйақылар

Топ зейнеткерлікке шыққаннан кейін белгіленген төлемдер бойынша міндеттемелердің ағымдағы құнын және осыған байланысты қызметтердің ағымдағы құнын айқындау үшін бағалаудың актуарлық әдісін пайдаланады (20-ескерту). Бұл сыйақы (жұмыс барысында және одан кейінгі өлім-жітім, персонал санының өзгеруі жөніндегі статистика және т.б.), сондай-ақ қаржылық болжамдарға (дисконттау мөлшерлемесі, болашақ жылдық материалдық көмек, болашақ жылдық ең төменгі жалақы, теміржол билетінің болашақ орташа бағасы) сүйенетін нақты және кеткен қызметкерлердің болашақ сипаттамаларына қатысты демографиялық болжамдарды пайдалануды талап етеді.

Кейінге қалдырылған салық активтерін бағалау

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге бағаланады және кейінге қалдырылған салық активінің барлық шамасы немесе бір бөлігі қарсы пайдаланылуы мүмкін жеткілікті салық салынатын пайданың алыну ықтималдығы болмайтын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері шоғырландырылған бухгалтерлік балансты жасаудың әрбір күніне қайта қаралады және болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін көлем ретінде танылады.

Қосылған құн салығын өтеу (бұдан әрі – «ҚҚС»)

Әрбір есепті күнгі жағдай бойынша топ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қызметтер көрсету салдарынан туындаған ҚҚС өтелмейтін сомасына қатысты резервті бағалауды жүргізеді (9 және 11-ескертулер). Топ сатып алушыларға ҚҚС қоя алмайды және тиісінше бұл сомаларды ҚҚС бойынша міндеттемелердің болашақ сомаларына қарсы есепке алу немесе оларды салық органдарынан алу жолымен ғана іске асыра алады. Топ өзінің салық бөлімінен алынған ҚҚС бойынша күтілетін міндеттемелер туралы ақпаратты, мемлекеттік салық органдарымен хат алмасуды, сондай-ақ оны өтеуге қатысты тарихи деректерді қарайды. ҚҚС-ты өтеудің нақты сомасы Топтың бағалау сомасынан өзгеше болуы мүмкін, бұл операциялық нәтижелерге айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ әрбір есепті күнге негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімін қарайды. Активтің пайдалы қызмет ету мерзімін бағалау экономикалық пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету бағдарламалары, технологиялық жақсартулар және басқа да іскерлік жағдайлар сияқты факторларға байланысты. Басшылықтың негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімдерін бағалауы осы шоғырландырылған қаржылық есептілік күніне қолда бар тиісті ақпаратты көрсетеді.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Топ пайдаланатын пайдалы қызметтің бағалау мерзімдері төменде берілген (жылдармен):

Ғимараттар мен құрылыстар	10-140
Таратқыш құрылғылар	5-59
Машиналар, құрал-жабдықтар	3-35
Теміржол көлігі	10-40
Өзге де көлік	4-15
Өзгелері	2-50

Қазақстандық салық салу жүйесіне қатысты шартты міндеттемелер

Қазақстанның түрлі заңнамалық актілері мен нормалары әрқашанда анық жазыла бермейді, және оларды түсіндіру жергілікті салық инспекторлары мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пікіріне байланысты. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлердің алшақтығы сирек емес. Қазақстан заңдарының, қаулылары мен стандарттарының мәлімделген және анықталған бұзушылықтарына қатысты айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеудің қолданыстағы режимі айтарлықтай қатаң. Санкцияларға даулы сомаларды тәркілеу(валюталық реттеуді бұзғаны үшін), сондай-ақ қосымша есептелген салық сомасының 80% мөлшеріндегі айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар кез келген дұрыс есептелмеген салықтардан бірнеше есе асатын сомаларға әкелуі мүмкін.

Топ барлық қолданылатын салықтарды төледі немесе есептеді деп санайды. Даулы жағдайларда Топ басшылықтың негізделген бағалары негізінде салық міндеттемелерін есептеді. Топтың саясаты шығындардың туындау ықтималдығы бар есепті кезеңде резервтерді қалыптастыруды болжайды, олардың сомасы жеткілікті дәлдік дәрежесімен анықталуы мүмкін.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімпұлдың әлеуетті сомасы осы уақыт бойынша шығыстарға жатқызылған және 2022 ж. 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып түсуі мүмкін. Кез-келген жарияланбаған шағымдардың мөлшерін, егер олар орын алса немесе кез-келген қолайсыз нәтиженің ықтималдығын анықтау мүмкін емес.

Экологиялық кодекс бойынша шартты міндеттемелер

2021 ж. 2 қаңтарда мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексіне (бұдан әрі – «Экологиялық кодекс») қол қойды. Экологиялық кодекс сапалы жаңа нормативтік акт болып табылады және бірқатар маңызды жаңалықтарды қамтиды.

Экологиялық кодекстің басты жаңалықтарының бірі – «Ластаушы төлейді және түзетеді» қағидаты болды. Бұл қағидат ластанудың алдын алу және бақылау бойынша шараларды қолдануды, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген зиянды қалпына келтіру үшін жауапкершілікті білдіреді. Осылайша, ластаушы заттар қоршаған ортаға теріс әсер етуді болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы керек, ал экологиялық зиян туындаған жағдайда қоршаған ортаны бастапқы күйіне қайтаруы керек.

Экологиялық кодекс сонымен қатар қызметтің қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейіне байланысты объектілердің жаңа анықтамасын және олардың жіктелуін енгізеді. Ең қауіпті (ластаушы) қызмет түрлері бірінші санатқа жатады, бұл қатаң реттеуді де білдіреді.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Топтың негізгі қызмет түрі теміржол көлігі (жолаушылар вагондары) арқылы жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау болып табылады. Осыған байланысты ластанудың негізгі көзі жылыту қазандықтарымен жабдықталған жолаушылар вагондары болып табылады. жолаушылар вагондары тек қыста жылытылады. жолаушылар вагондарының жылыту қазандықтарында отын ретінде қатты отын (көмір) пайдаланылады. Бұл ретте атмосфераға шығарындылар Экологиялық кодексте белгіленген (рұқсат етілген) лимиттерден аспайды.

Сонымен қатар, жылыту қазандықтарымен жабдықталған жолаушылар вагондары паркпен кезең-кезеңімен шығарылады және атмосфераға ластанушы заттардың шығарындыларын азайту үшін шарттық шарттарда металл сынықтарына тапсыру арқылы белгіленген тәртіппен жойылады.

Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес Топ объектілері қоршаған ортаға елеулі теріс әсер етпейтін III және IV санаттарға кіреді, олар бойынша объектілердің ықпалын жою үшін қаражат резервін қалыптастыру көзделмейді.

Топтың техникалық саясат департаментінің қорытындысына сәйкес Топтың балансында тұрған, өндірістік қызметте пайдалануға талап етілмеген ғимараттар мен құрылыстар мүлікті өткізу қағидаларына сәйкес іске асырылатын болады. Осыған байланысты, Топтың негізгі құралдарын есептен шығару жоспарында кейіннен тарата отырып, ғимараттар мен құрылыстарды есептен шығару көзделмеген. Топ Экологиялық кодекстің талаптарына байланысты елеулі міндеттемелер жоқ және қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану салдарын жою үшін қаражат резервін құру талап етілмейді деп санайды.

6. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 010 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді банктік салымдар, теңгемен	7,691,546	4,707,811
Жолдағы ақша қаражаты	344,237	167,766
Банктердегі ағымдағы шоттардағы ақша, еуроға	45,193	385,845
	8,080,976	5,261,422
Шегерім: ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындар	(5,151)	(3,409)
	8,075,825	5,258,013

Банктердегі ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат жылдық 0.5% пайыздық мөлшерлемеге негізделген (2021 ж.: жылдық 0.2%-дан 0.5%-ға дейін) сыйақы әкеледі.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты көбінесе «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да орналастырылған.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 7,688,086 мың теңге сомасындағы ақша қаражаты жылдық 16.2% пайыздық мөлшерлемемен 5 күнге «Қазақстан Халық банкі» АҚ қысқа мерзімді салымдарына орналастырылды (2021 ж. 31 желтоқсан: «Қазақстан Халық банк» АҚ 5 күнге жылдық 9.2%-бен 4,707,811 мың теңге).

Ақша қаражаты мен оның баламаларының кредиттік және валюталық тәуекелге ұшырауы туралы ақпарат 31-ескертуде берілген.

7. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 016 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі (32-ескерту)	2,294,781	1,107,641
Бөгде кәсіпорындардың сауда дебиторлық берешегі	677,971	454,106
Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	86,550	89,477
Өзге де дебиторлық берешек	648,523	554,222
	3,707,825	2,205,446
Шегергенде:		
Сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындар	(3,378)	(12,923)
Өзге дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындар	(420,492)	(404,294)
	3,283,955	1,788,229

Топ клиенттеріне ұсынылатын қызметтер бойынша берешекті өтеудің орташа мерзімі 30 күнді құрайды. Топ өтелмеген сауда дебиторлық берешекке пайыздарды есептемейді.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа дебиторлық берешек келесі валюталарда көрсетілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Теңге	3,029,793	1,769,093
Еуро	236,775	-
Швейцар франкі	17,387	19,136
	3,283,955	1,788,229
	3,029,793	1,769,093

Сауда және өзге де дебиторлық берешектің кредиттік және валюталық тәуекелге ұшырағыштығы туралы ақпарат 31-ескертуде берілген.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

8. ҚОРЛАР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 020 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қосалқы бөлшектер	2,714,936	1,777,854
Шикізат және материалдар	457,329	423,228
Нысанды киім және арнайы киім	344,075	234,465
Отын	338,597	240,108
Бланкілер, қағаз бұйымдар	73,894	76,857
Басқалары	436,425	386,745
	4,365,256	3,139,257
Шегерілген: өтімсіз қорлар бойынша резерв	(70,550)	(52,557)
	4,294,706	3,086,700

9. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 022 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Берілген қысқа мерзімді аванстар	1,417,487	628,067
Өтелетін ҚҚС	932,345	1,742,350
Табыс салығын санамағанда, салықтар бойынша алдын ала төлем	699,482	644,860
Болашақ кезеңдердің шығындары	101,542	84,097
Өзгелері	13,460	13,402
	3,164,316	3,112,776
Басқа да қысқа мерзімді активтер бойынша күмәнді борыштар резервін шегергенде	(22,409)	(57,909)
	3,141,907	3,054,867

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелетін ҚҚС-тың қысқа мерзімді бөлігі 932,345 мың теңгені құрады. ҚҚС бойынша асып кету төмендегілерден қалыптасты:

- 578,653 мың теңге сомасы 2021 ж. үшін;
- 353,692 мың теңге сомасы 2022 ж. үшін.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік
нысандарына түсіндірме жазба (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

10. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР МЕН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ НЫСАНЫНДАҒЫ АКТИВТЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 121 ЖӘНЕ 122 ЖОЛДАРЫНЫҢ КОДЫ)

	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар, жабдық	Теміржол көлігі	Өзгелері	Жиыны
2022 ж. 1 қаңтардағы баланстық құны	6,138,958	2,717,276	226,084,132	943,812	235,884,178
Түсімдер	3,497,430	741,151	20,716,212	160,379	25,115,172
Істен шығу	(10,126)	(461,889)	(3,927,838)	(121,880)	(4,521,733)
Тозу бойынша шығыстар	(220,183)	(660,857)	(9,477,749)	(112,096)	(10,470,885)
Шығарулар бойынша тозу	2,035	461,664	3,771,489	121,678	4,356,866
Ішкі орын ауыстыру	413,193	82,074	1,881,860	54,570	2,431,697
2022 ж. 31 желтоқсандағы баланстық құны	9,821,307	2,879,419	239,048,106	1,046,463	252,795,295
Құны бойынша	12,527,889	9,173,173	327,045,550	2,449,939	351,196,551
Жинақталған тозу және құнсыздану	(2,706,582)	(6,293,754)	(87,997,444)	(1,403,476)	(98,401,256)
2022 ж. 31 желтоқсандағы баланстық құны	9,821,307	2,879,419	239,048,106	1,075,493	212,369,945
Оның ішінде, пайдалану құқығы нысанындағы активтер	-	-	113,890,807	-	113,890,807
2021 ж. 1 қаңтардағы баланстық құны	6,358,370	3,267,935	201,668,147	1,075,493	212,369,945
Түсімдер	-	86,564	31,546,579	782	31,633,925
Істен шығу	(5,726)	(510,703)	(1,008,594)	(35,265)	(1,560,288)
Тозу бойынша шығыстар	(219,412)	(665,901)	(8,764,714)	(124,652)	(9,774,679)
Шығарулар бойынша тозу	5,726	494,763	1,005,839	50,452	1,556,780
Ішкі орын ауыстыру	-	44,618	1,636,875	(22,998)	1,658,495
2021 ж. 31 желтоқсандағы баланстық құны	6,138,958	2,717,276	226,084,132	943,812	235,884,178
Құны бойынша	8,627,392	8,811,837	308,376,820	2,355,366	328,171,415
Жинақталған тозу және құнсыздану	(2,488,434)	(6,094,561)	(82,292,688)	(1,411,554)	(92,287,237)
2021 ж. 31 желтоқсандағы баланстық құны	6,138,958	2,717,276	226,084,132	943,812	235,884,178
Оның ішінде, пайдалану құқығы нысанындағы активтер	-	-	95,836,971	-	95,836,971

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың баланстық құны 1,173,218 мың теңге және 1,319,793 мың теңге негізгі құралдары тиісінше Акционерден алынған қарыздар бойынша кепілдік қамтамасыз ету ретінде әрекет етті (16-ескерту).

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың толық амортизацияланған негізгі құралдарының бастапқы құны тиісінше 2,623,777 мың теңге және 5,490,811 мың теңгені құрады.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Топ тиісінше 484,633 мың теңге және 90,330 мың теңге сомасындағы бастапқы тікелей шығындарды ескере отырып, 19,242,749 мың теңге және 31,546,579 мың теңге жалпы сомаға жалдау шарттары бойынша алынған 67 және 82 вагонды таныды.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалдау шарттары бойынша алынған және «Теміржол көлігі» тобына енгізілген пайдалану құқығы нысанындағы активтердің баланстық құны 113,890,807 мың теңгені құрады (2021 ж. 31 желтоқсан: 95,836,971 мың теңге).

2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ 2,662,376 мың теңге жалпы сомаға жалдау шарттары бойынша алынған негізгі құралдардың тозғанын мойындады (2021 ж.: 2,104,728 мың теңге).

11. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 127 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Байланысты тараптарға негізгі құралдар үшін төленген аванстар	40,000,000	-
Өтелетін ҚҚС	11,823,206	11,314,224
Үшінші тұлғаларға негізгі құралдар үшін төленген аванстар	1,646,291	1,098,839
Аяқталмаған құрылыс	426,923	360,480
Басқалары	-	484,633
	53,896,420	13,258,176
Шегерім:		
Өтелетін ҚҚС бойынша құнсыздануға арналған резерв	(11,823,206)	(10,379,708)
Аяқталмаған құрылыс бойынша құнсыздануға арналған резерв	(49,365)	(52,465)
	42,023,849	2,826,003

2022 ж. Топ қосымша қосылған құн салығы бойынша 1,443,498 мың теңге (2021 ж.: 341,370 теңге) сомасына қосымша резерв құрды, өйткені басшылық Қазақстан Республикасының салық заңнамасының нормаларына сәйкес, сондай-ақ кезікпе салықтық тексерулер жүргізу кезінде өнім берушілердің, мердігерлердің тауарлары, жұмыстары мен қызметтері бойынша қайтаруға ұсынылған сомаларды растамау тәуекелінің болуына байланысты осы соманы өтеу ықтималдығы жоқ деп бағалады. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жалпы айналымдағы халықаралық жолаушылар айналымының үлесіне барабар айқындалатын ҚҚС бойынша асып кету сомасы қайтарылуға жатады.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

2021 ж. ішінде вагондар мен доңғалақ жұптарын еншілес ұйым «Вагонсервис» АҚ жарғылық капиталына беру нәтижесінде Компания бұрын құрылған жалпы сомасы 9,101,194 мың теңге құнсыздануға арналған резерв есебінен есепке жатқызуға жатпайтын өтелетін ҚҚС есептен шығарды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 ж. 28 қарашадағы №15 хаттамасымен 2025-2044 жж. арналған Компания мен «Жолаушылар вагондарын жасау зауыты» ЖШС арасында «Stadler Bussnang AG» компаниясының технологиясы бойынша теміржол жолаушылар вагондарын сатып алу-сату және вагондарға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету шарттарын жасасу туралы шешім қабылданды.

2022 ж. 13 желтоқсандағы №194-Ц теміржол жолаушылар вагондарын сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес жолаушылар вагондарының құрамдастарын сатып алуға «Жолаушылар вагондарын жасау зауыты» ЖШС-ке 40,000,000 мың теңге мөлшерінде алдын ала төлем төленді.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үшінші тұлғаларға негізгі құралдар үшін төленген аванстар «ЗИКСТО» АҚ-ға теміржол жолаушылар вагондарын сатып алуға 1, 646,291 мың теңге сомасында берілген аванстармен ұсынылды.

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үшінші тұлғаларға негізгі құралдар үшін төленген аванстар 1,098,839 мың теңге сомасында теміржол жолаушылар вагондарын күрделі жөндеуге «Ғасыр-Маңғыстау» ЖШС-ке берген аванстармен ұсынылды.

12. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 214 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Бөгде кәсіпорындарға сауда кредиторлық берешек	11,348,099	13,041,606
Байланысты тараптарға қызметтер үшін сауда кредиторлық берешек (32-ескерту)	2,194,749	1,567,711
Басқасы	1,472,223	1,062,206
	15,015,071	15,671,523

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының, Топқа қызмет көрсетушілерінің ең маңыздыларына келетін сауда кредиторлық берешек тиісінше 2,031,089 мың теңгені (сауда кредиторлық берешектің 15%) және тиісінше 1,450,852 мың теңгені (сауда кредиторлық берешектің 10%) құрады.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Сауда кредиторлық берешек келесі валюталарда көрсетілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Теңге	10,538,041	11,541,430
Еуро	4,455,154	3,970,963
Швейцар франкі	21,876	-
Басқа валютада	-	159,130
	15,015,071	15,671,523

Сауда және өзге де кредиторлық берешектің өтімділік тәуекеліне және валюталық тәуекелге ұшырағыштығы туралы ақпарат 31-ескертуде берілген.

13. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ БЕРІЛЕТІН СЫЙАҚЫ (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 217 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер	1,869,449	1,388,576
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі (20-ескертуде)	366,333	531,079
Басшы қызметкерлерге сыйақы және өзге де қызметкерлерге сыйлықақы төлеуге арналған резерв	274,817	388,895
Жалақы бойынша ағымдағы берешек	179,881	45,948
	2,690,480	2,354,498

14. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 219 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

Төменде ағымдағы есепті кезеңде танылған және кезең басындағы шарт бойынша міндеттемелерге енгізілген кірістер бойынша ақпарат келтіріледі. Ағымдағы есепті кезеңде алдыңғы кезеңдерде орындалған міндеттемелерді орындауға байланысты кірістер танылмады.

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Жолаушыларды тасымалдауға байланысты міндеттемелер	3,022,125	1,858,152
Өзге де қызметтер көрсеткені үшін алынған аванстар	188,506	190,470
	3,210,631	2,048,622

Кезең басындағы шарттар бойынша міндеттемелерге енгізілген сомалардан кезең ішінде танылған түсім 1,795,190 мың теңгені құрады (ҚҚС қоса алғанда).

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

15. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 222 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қосылған құн салығы	516,793	486,452
Міндетті зейнетақы жарналары	353,624	338,852
Әлеуметтік аударымдар және МӘМС	271,229	214,120
Жеке табыс салығы	257,933	248,462
Әлеуметтік салық	191,331	194,818
Өзгелері	27,931	20,318
	1,618,841	1,503,022

16. АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 210 ЖӘНЕ 310 ЖОЛДАРЫНЫҢ КОДТАРЫ)

Ұзақ мерзімді қарыздар

Компанияның атауы	Пайыздық мөлшерлеме	Өтеу күні	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	0.01%-0.75%	2036-2046 жж.	29,172,894	29,911,381
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	1.75%	2035 ж. наурыз	3,516,266	3,355,819
Ұзақ мерзімді қарыздар жиыны			32,689,160	33,267,200
Негізгі борыштың ағымдағы бөлігі			(2,611,578)	(2,611,578)
Есептелген сыйақы			(157,704)	(165,236)
Ұзақ мерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі жиыны			(2,769,282)	(2,776,814)
			29,919,878	30,490,386

2022 және 2022 жж. қарыздар бойынша қозғалыс былайша берілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
1 қаңтарға сальдо	33,267,200	33,864,586
Қарыздар бойынша дисконт амортизациясы және сыйақы (26-ескерту)	2,277,528	2,311,483
Төленген пайыздар	(220,516)	(272,385)
Қарыздарды өтеу	(2,611,578)	(2,611,577)
Өзгелері	(23,474)	(24,907)
31 желтоқсанға сальдо	32,689,160	33,267,200

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

Қарыздар былайша өтелуге тиіс:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Бір жыл ішінде	2,769,282	2,776,814
1 жылдан 2 жылға дейін	2,572,878	2,581,148
2 жылдан 3 жылға дейін	2,694,552	2,403,985
3 жылдан 4 жылға дейін	2,898,149	2,514,160
4 жылдан 5 жылға дейін	2,690,624	2,703,622
5 жылдан астам	19,063,675	20,287,471
	32,689,160	33,267,200

«ҚТЖ» ҰК» АҚ

2011 ж. бастап 2016 ж. дейінгі кезеңде компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дан жылдық 0.075%-дан 0.75%-ға дейін нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша 2036-2046 жж. дейін өтеу мерзімімен қарыздар алды. Осы қарыздар бастапқы тану кезінде капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қарыздардың әділ құнына дейін түзетуді көрсете отырып, жылдық 5.15-7.41% мөлшерлемелер бойынша дисконтталды.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы қарыздар бойынша орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 7.45%-ды құрады (2020 ж. 31 желтоқсан: жылдық 7.04%).

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ

2015 ж. еншілес кәсіпорын «Вагонсервис» АҚ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-дан жылдық 1.75% мөлшерлеме бойынша өтеу мерзімі 2035 ж. дейін қарыз алды, осы қарыз бастапқы танылған кезде меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қарыздың әділ құнына дейінгі түзетуді көрсете отырып, жылдық 7.38% мөлшерлеме бойынша дисконтталды.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы қарыз бойынша орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 7.30%-ды құрады (2021 ж. 31 желтоқсан: жылдық 7.38%).

Ұзақ мерзімді қарыздар теңгемен берілген.

Қарыздар бойынша берешектің өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығы туралы ақпарат 31-ескертуде берілген.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

17. ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 211 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

	31 желтоқсан 2022 ж.
Алынған қаржылық көмек	40,000,000
Шегерім:	
Дисконт	(2,662,086)
Кейінге қалдырылған салықтың әсері	(665,521)
Дисконт амортизациясы	119,426
	36,791,819

2022 ж. 23 желтоқсанда «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен 2023 ж. 30 маусымға дейінгі мерзімге 40,000,000 мың теңге сомасына пайызсыз және кепілсіз қаржылық көмек көрсетуге шарт жасасты.

Бастапқы тану кезінде алынған бұл қаржылық көмек меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте алынған қаржылық көмектің әділ құнына дейін түзетуді көрсете отырып, жылдық 18.9% нарықтық мөлшерлеме бойынша дисконтталды.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орташа өлшенген тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 16% құрады.

18. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 213 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қаржылық кепілдік шарттары	79,347	3,387,193
	79,347	3,387,193

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

2019 және 2018 жж. Топ байланысты тараптар «Қазтеміртранс» АҚ және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-мен бірлесе отырып, Акционер шығарған еурооблигациялар бойынша негізгі борыш пен есептелген пайыздарды уақтылы өтеу бойынша кепілгер болды. Кепілдік мерзімі мен түрлері туралы толық ақпарат төменде көрсетілген:

Эмитент	Кепілдік мақсаты	Кепілдік берілген күн	Кепілдік мерзімі	Кепілдік сомасы
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	«ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ және «Вагонсервис» АҚ арасындағы сенімгерлік келісімге, төлем агенттік келісіміне, жазылу шартына сәйкес «Жолаушылар тасымалы» АҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ міндеттемелері бойынша басқа кепілгерлермен («Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ және «Вагонсервис» АҚ) ынтымақтаса жауап береді, бірақ кез келген жағдайда «ҚТЖ» ҰК» АҚ сияқты көлемде	2018 ж. 5 желтоқсан	2023 ж. 5 желтоқсан	170,000,000 швейцар франкі
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	«ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ және «Вагонсервис» АҚ арасындағы сенімгерлік келісімге, төлем агенттік келісіміне, жазылу шартына сәйкес «Жолаушылар тасымалы» АҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ міндеттемелері бойынша басқа кепілгерлермен («Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ және «Вагонсервис» АҚ) ынтымақтаса жауап береді, бірақ кез келген жағдайда «ҚТЖ» ҰК» АҚ сияқты көлемде	2019 ж. 31 мамыр	2023 ж. 5 желтоқсан	80,000,000 швейцар франкі

Осы кепілдіктердің әділ құны осы еурооблигациялар кірістілігінің нарықтық мөлшерлемелері бойынша ақша ағындарын дисконттау жолымен айқындалды. Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелерді бастапқы тану сәтінде осы қағаздардың кірістілік мөлшерлемелері жылдық 2.95-6% құрады.

2022 ж. маусымда Акционер жалпы номиналды көлемі 185,000,000 швейцар франкі 2014 ж. шығарылған облигациялардың 185,000,000 швейцар франкі мөлшерінде (өтеу күніне бағам бойынша теңгемен баламасы 85,571,750 мың теңге) өтеді.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2022 ж. 28 қазанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ, «Вагонсервис» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ және BNY Mellon Corporate Trustee Services арасындағы сенімгерлік келісімге (Fourth Supplemental Trust Deed) номиналды құнынан 100% (қоса алғанда) дейінгі баға бойынша кері сатып алу жолымен номиналды құны 882,978,000 АҚШ долларына дейінгі еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы қосымша келісім жасады. Нәтижесінде Топ қаржылық кепілдіктердің әділ құнының 3,470,205 мың теңге сомасына өзгергенін мойындады.

Кепілдіктің баланстық құны төмендегілердің ішіндегі ең үлкені ретінде белгіленеді:

- ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес есептелген шығындарға арналған резерв сомасы; және
- осы уақытқа дейін сыйақының кумулятивтік амортизациясын шегергенде алынған сыйлықақы (Топтың саясатына сәйкес амортизация шартты өтеу мерзімі басталғанға дейін желілік негізде есептеледі).

Есепті кезеңнің соңында Топ басшылығы кепілдікпен қамтамасыз етілген берешектердің мәртебесін, акционердің қаржылық жағдайын, сондай-ақ Акционер жұмыс істейтін саланың экономикалық перспективаларын бағалады және қаржылық кепілдік шарттарын алғаш таныған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болған жоқ деген қорытындыға келді. Тиісінше, Топ жасаған қаржылық кепілдік шарттары бойынша шығындарға арналған резерв күтілетін 12 айлық кредиттік шығындарға тең сомада бағаланады.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер мынадай валюталарда көрсетілді:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
АШ доллары	79,347	184,155
Швейцар франкі	-	3,203,038
	79,347	3,387,193

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелердің валюталық тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығы туралы ақпарат 31-ескертуде берілген.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

19. ЖАЛДАУ БОЙЫНША ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БЕРЕШЕК (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 218 ЖӘНЕ 318 ЖОЛДАРЫНЫҢ КОДТАРЫ)

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді жалдау бойынша берешек	53,686	69,981
Ұзақ мерзімді жалдау бойынша берешек	117,893,305	99,673,878
Жалдау бойынша берешектің жиыны	117,946,991	99,743,859
Қысқа мерзімді жалдау берешегі	4,220,676	2,750,762
Ұзақ мерзімді жалдау қарызы	113,726,315	96,993,097
	117,946,991	99,743,859

31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді жалдау бойынша берешегі мыналарды қамтыды:

	Жалдау төлемдері		Жалдау төлемдерінің келтірілген құны	
	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Бір жыл ішінде	4,209,239	2,714,503	4,166,990	2,680,781
1 жылдан 2 жылға дейін	4,675,508	2,543,815	4,540,207	2,465,174
2 жылдан 3 жылға дейін	6,410,804	3,228,428	6,105,582	3,073,515
3 жылдан 4 жылға дейін	8,710,214	4,985,425	8,154,140	4,659,289
4 жылдан 5 жылға дейін	9,463,671	7,306,534	8,703,257	6,720,300
Бес жылдан астам	104,640,731	97,921,892	86,223,129	80,074,819
	138,110,167	118,700,597	117,893,305	99,673,878
Минус: болашақ қаржылық шығыстар	(20,216,862)	(19,026,719)	-	-
Жалдау төлемдерінің келтірілген құны	117,893,305	99,673,878	117,893,305	99,673,878
Төмендегілерде көрсетілген:			2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
- ағымдағы бөлігі			4,166,990	2,680,781
- ұзақ мерзімді бөлігі			113,726,315	96,993,097
			117,893,305	99,673,878

2022 және 2021 жж. ұзақ мерзімді жалдау қозғалысы келесідей:

	2022 ж.	2021 ж.
1 қаңтарға сальдо	99,673,878	69,222,802
Жаңа жалдау шарттары (жалдауды бастапқы тану)	18,758,116	30,982,143
Пайыздар бойынша шығыстар (26-Ескерту)	1,977,352	1,825,428
Пайыздарды капиталдандыру	-	90,330
Негізгі борышты төлеу	(765,584)	-
Төленген пайыздар	(1,750,457)	(2,446,825)
31 желтоқсанға сальдо	117,893,305	99,673,878

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

2019-2020 жж. аралығында Топ «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС арасында қаржы лизингі шеңберінде жалпы сомасы 63,522,337 мың теңгеге 159 жолаушылар вагонын жеткізуге бірқатар шарттар жасасты. Осы шарттар шеңберінде вагондар жалға 20 жыл мерзімге берілді, негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 5-6 жыл, сыйақы мөлшерлемесі-жылдық 1.50%-1.75%, төлем жылына 1 рет.

2020 ж. ішінде COVID-19-ға байланысты тасымалдау көлемінің азаюына байланысты Топ пен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасында жалдау шарттарына қосымша келісімдер жасалды, оларға сәйкес 2020 ж. төленуге жататын жалдау төлемдері 2021 ж. ауыстырылды. Кейінге қалдырылған төлемдердің жалпы сомасы 937,593 мың теңгені құрады. ХҚЕС (IAS) 16 түзетулеріне сәйкес Топ осы қосымша келісімдерді жалдау шарттарының модификациясы ретінде есепке алған жоқ.

2021 ж. қыркүйекте «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде Топ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС арасында қаржы лизингі шеңберінде 14,769,195 мың теңге сомаға 32 жолаушылар вагонын жеткізуге шарт жасасты. Жалдау 20 жыл мерзімге берілді, негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдік кезеңі 6 жыл, сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 1.50%, төлем жылына 1 рет. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ жалдау бойынша міндеттемелердің бастапқы 13,125,000 мың теңге сомасын тани отырып, барлық 32 вагонды алды.

2022 ж. шілде және тамыз айларында «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде Компания, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты» ЖШС арасында 2017 ж. 5 шілдедегі №85/ФЛ қаржы лизингі шарты шеңберінде 16,607,142 мың теңге жалдау бойынша міндеттемелерді бастапқы сомасын тани отырып, 18,891,579 мың теңге сомаға 62 жолаушы вагоны жеткізілді. Жалдау 20 жыл мерзімге берілді, негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 6 жыл, сыйақы мөлшерлемесі-жылдық 1.75%, жылына 1 рет төленеді.

2022 ж. желтоқсанда «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде Топ «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және «ЗИКСТО» АҚ-мен қаржы лизингі шеңберінде 8,318,200 мың теңге сомаға 11 жолаушылар вагонын жеткізуге шарт жасасты. Жалға алу 20 жыл мерзімге берілді, негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 6 жыл, сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 1.50%, жылына 1 рет төленеді. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 2,150,974 мың теңге сомаға жалдау бойынша міндеттемелердің бастапқы сомасын тани отырып, 5 вагон алды.

2022 ж. ішінде 91,870 мың теңге ҚҚС қоса алғанда, 857,454 мың теңге сомаға негізгі борыш төлемі жүргізілді.

Топтың жалдау шарттары бойынша міндеттемелері жалға берушінің жалға алынған активтерге меншік құқығын жалға беру мерзімі ішінде сақтаумен қамтамасыз етілген.

Жалдау бойынша міндеттемелердің өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығы туралы ақпарат 31-ескертуде берілген.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

20. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 317 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ ЖӘНЕ ПАЙДА МЕН ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТІҢ 433 ЖОЛЫНЫҢ КОДЫ)

Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін сыйақы төлеу жоспары және қызметкерлерге өзге де ұзақ мерзімді сыйақылар

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы аударымдары қызметкерлердің міндеттемесі болып табылады және Топтың төменде көрсетілгендерден басқа, қызметкерлерге зейнеткерлікке шыққаннан кейін төлемдер бойынша ағымдағы немесе болашақ міндеттемелері жоқ.

2019 ж. Топ келесі 5 жыл ішінде қызметкерлер санын қысқарту бойынша жоспарларды орындау мақсатында зейнеткерлікке ерте шығу жөніндегі Ережелерді (бұдан әрі – «1-Ереже») бекітті. 1-ереже заңнамада белгіленген зейнеткерлік жасқа дейін 5 жылдан аз қалған қызметкерлерге қолданылады.

2021 ж. ішінде топ қызметкерлер санын қысқарту бойынша жоспарларды орындау мақсатында Топ босатылатын қызметкерлеріне өтемақы төлеу ережелерін (бұдан әрі – «2 Ереже») бекітті. 2-ереже лауазымдары оңтайландырылатын және тараптардың келісімі бойынша еңбек шарттары бұзылған қызметкерлерге өтемақы төлеу тәртібін айқындайды.

Қызметкерлерге еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар және қызметкерлерге өзге де ұзақ мерзімді сыйақылар топ пен оның еңбек ұжымы арасында жасалған 1-ережеге, 2-ережеге және 2021-2023 жж. арналған ұжымдық шартқа сәйкес төленеді.

Осы құжаттарға сәйкес топ мынадай негізгі төлемдер мен жеңілдіктерді қамтамасыз етеді:

Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар:

- зейнеткерлікке шыққан кездегі біржолғы жәрдемақы;
- 1-ережеге сәйкес саладағы жұмыс өтіліне байланысты еңбек шартын мерзімінен бұрын бұзған кездегі біржолғы төлем;
- Ережеге сәйкес саладағы жұмыс өтіліне байланысты еңбек шартын мерзімінен бұрын бұзған кездегі біржолғы төлем
- қызметкер зейнет жасына жеткенге дейін айына 70 мың теңгеден кем емес және 200 мың теңгеден аспайтын мөлшерде жәрдемақы, қызметкер зейнет жасына жеткенге дейінгі барлық кезең үшін бір жолғы тәртіппен немесе 1-ережеге сәйкес ай сайынғы негізде төленеді;
- Ережеге сәйкес еңбек шарты бұзылған күннен бастап алты ай ішінде кемінде 70 мың теңге және айына 200 мың теңгеден аспайтын мөлшерде жәрдемақы;;
- зейнеткерлерге мерейтойлық күндерге бір жолғы материалдық көмек;
- зейнеткерлерге мереке күндері материалдық көмек;
- зейнеткерлерге санаторлық-курорттық сауықтыруға жолдамалар ұсыну;
- зейнеткерлердің салттық қызметтеріне ақы төлеуге материалдық көмек;
- зейнеткерлерге тістерді протездеу үшін шығындарды өтеу;
- зейнеткерлерге теміржол көлігімен жол жүру ақысын төлеуге шығындарды өтеу.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер:

- қызметкерлерге санаторлық-курорттық емделуге материалдық көмек
- қызметкерлерге тісті протездеу ақысының шығындарын өтеу;
- мерейтойлық күндерге жұмыскерлерді бір жолғы көтермелеу;
- қызметкерлерге темір жол көлігімен жол жүру ақысының шығындарын өтеу.

Төлемдердің мөлшері белгіленген Зейнетақы жоспары бойынша төлемдер қызметкерлердің оларға зейнетақы төлемдеріне құқық беретін қызметтерді көрсетуіне қарай шығыстарға жатқызылады.

Бұл бағдарламалар қаржыландырылмайды. Топтың осы бағдарламаларға қатысты саясаты міндеттемелерді жабу үшін активтерді жинақтауды көздемейді, қызметкерлер тарапынан бағдарламаға қосымша жарналар жүргізілмейді.

Қызметкерлерге сыйақылар жөніндегі топ міндеттемелерінің қозғалысы мынадай түрде берілген:

	2022 ж.	2021 ж.
Жыл басындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	2,185,702	2,022,400
Қызметтердің ағымдағы құны	49,938	54,134
Өткен қызметтердің құны	-	12,168
Сыйақы құны	227,314	208,783
Бір жыл ішіндегі пайда мен шығындарда танылған актуарлық шығын	203,781	83,368
Пайда мен шығындарда танылған шығыстар жиыны	481,033	358,453
Өзге жиынтық кірісте танылған актуарлық қайта бағалау	(164,831)	84,455
Жыл ішінде жүргізілген төлемдер	(206,121)	(279,606)
Жыл аяғындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	2,295,783	2,185,702
Минус: өтеу мерзімі бір жыл ішінде басталатын міндеттеме	(366,333)	(531,079)
Өтеу мерзімі бір жылдан кейін басталатын міндеттеме	1,929,450	1,654,623

Пайда мен шығында танылған қызметкерлерге сыйақы бойынша шығыстар персоналға арналған шығындардың құрамында өзіндік құнда және әкімшілік шығыстарда көрсетілген (23 және 24-ескертулер).

Топ міндеттемелерінің есептеулері өлім-жітім деңгейі бойынша жарияланған статистикалық мәліметтер, сондай-ақ қызметкерлер мен зейнеткерлердің саны, Жасы, жынысы және өтілі бойынша Топтың нақты деректері және персонал санының өзгеруі туралы статистика, ережелерді қолдануға мүмкіндік беретін барлық қызметкерлер оларды ең төменгі қажетті жасқа жеткенде пайдаланады деп күту негізінде дайындалды. Ережелерді олар ең төменгі қажетті жасқа жеткен кезде пайдаланады, яғни заңмен белгіленген зейнеткерлік жасқа дейін 5 жылдан ерте емес. Жұмыс істеп жүрген және зейнеткерлікке шыққан бұрынғы қызметкерлер үшін зейнеткерлік жас басталғаннан кейінгі орташа өмір сүру ұзақтығы ерлер үшін 14.3 жасты және әйелдер үшін 18.4 жасты құрайды.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

